# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 2002 жылғы 22-25 желтоқсандағы мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 311 қаулысы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 2002 жылғы 22-25 желтоқсандағы мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 2002 жылғы 22-25 желтоқсандағы мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 31 наурыздағы
N 311 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 2002 жылғы 22-25 желтоқсандағы мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

-----------------------------------------------------------------
Р/с! Іс-шара !Орындау мерзімі! Орындауға жауаптылар
N ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1 Мынадай халықаралық шарттардың жобаларын қол қоюға дайындау:

1) Қазақстан - Қытай ынтымақтастығының 2003-2008 жылға арналған бағдарламасы | 2003 жылдың І жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуника. циялар министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Шығыс Қазақстан облысының әкімшілігі Алматы облысының әкімшілігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 2) Валюталық бақылау саласындағы ынтымақ. тастық пен өзара көмек туралы келісім | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі |
| 3) Экономикалық қылмыстарға және салық заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес саласын. дағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісім | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 4) Жануарлардың карантині мен саулығы (ветеринария) саласын. дағы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 5) Өсімдіктердің карантині мен оларды | -//- | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | | министрлігі |
| | 6) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| | 7) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының білім министрліктері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| | 8) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Сянган арнайы әкімшілік ауданының үкіметтері арасындағы халықаралық әуе қатынасы туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. лар министрлігі |
| 2 | Мынадай жобалардың іске асу мерзімдері мен мүмкін нұсқаларын қытай тарабымен келісу: | | |
| | 1) Бас Келісім бойынша екі тараптың міндетте. мелерін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасы - Қытай Халық Республикасы мұнай құбырының құрылысын салу | 2003 жылдың II жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық Компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| | 2) темір жол бойынша Атасу мұнай жөнелту станциясы (Қарағанды облысы) арқылы Қытай | -//- | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Халық Республикасына қазақстандық мұнай жеткізілімдерін ұлғайту | | компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 3 | Қытайішілік Тарим-Шанхай газ құрылысын есепке ала отырып, Орталық Азия - Қытай Халық Республикасы газ құбырының жобасын іске асыру шеңберінде Алматы-Тарим газ құбырының құрылысының жобасын техникалық және экономикалық тұрғыдан зерделеу | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 4 | 1) шекара маңындағы өзара іс-қимылдар саласында қазақстандық тараптың ұсыныстарын іске асыру және Алматы облысы Панфилов ауданының "Хоргос" телімінде кейіннен Қытай Халық Республикасымен шекара маңындағы сауда аймағын ықтимал ұйымдастыра отырып, Шекара маңындағы сауда орталығын құру | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Алматы облысының әкімшілігі Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| | 2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Қазақстан Республикасында шекара маңындағы сауданы дамыту бойынша ұстанымды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" өкімін | 2003 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дайындау және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу | | |
| 5 | Трансшекаралық өзендердің ресурстарын ұтымды пайдалану және оларды қорғау жөніндегі бірлескен Қазақстан-Қытай жұмыс тобының жұмысын жандандыру | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | Қытай тарабы 10 млн. қытай юаны сомасында ұсынған өтеусіз көмекті әлеуметтік мәні бар жобаларды іске асыруға жұмсау | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 7 | Сапар барысында қол қойылған мынадай құжаттардың күшіне енуі үшін тиісті мемлекетішілік рәсімдерді өткізу: | | |
| | 1) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| | 2) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қауіпті әскери іс-әрекетті болдырмау туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| | 3) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Терроризмге, сепаратизмге | -//- | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім | | |
| | 4) Шегіртке тектестерге және басқа да ауыл шаруашылығы зиянкестері мен ауруларын қарсы күрес бойынша қорғау іс-шараларын жүргізу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 8 | Трансазиялық темір жол магистралінің солтүстік дәлізі бойынша жүк тасымалын ұлғайту жөнінде Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігімен келіссөздерді жандандыру және бүкіл бағыты бойынша толассыз бірыңғай тарифтік ставканы орнату мүмкіндігі туралы мәселені пысықтау | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 9 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай үкіметаралық комиссия. сының көлік және өткізу пункттері мәселелері жөніндегі шағын комис. сиясының шеңберінде қытай тарабының Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында автомобиль тасымалдарын | 2003 жылдың II тоқсаны | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тепе-тең дамыту мәселесі бойынша келіссөздер өткізу | | |
| 10 | Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында кедендік есепке алу мен кедендік статисти. каның бірыңғай жүйесін әзірлеу, сондай-ақ кеден ісі саласында жедел ақпарат алмасуды практикаға енгізу | 2003 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |
| 11 | Қытай тарабының Қытай Халық Республикасы Елшілігін Астана қаласына көшіру жағдайын талқылауы | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Астана қаласының әкімшілігі |
| 12 | Қытай Халық Республи. касына Қазақстанда шығарылатын "Нива" автомобильдерінің жеткізілімдерін ұлғайту туралы қытай тарабымен келіссөз. дерді жалғастыру | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Шығыс Қазақстан облысының әкімшілігі |
| 13 | Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымына (бұдан әрі - ШЫҰ) қатысушы елдердің кезекті саммитін өткізуге дайындық және Пекин қаласында ШЫҰ Хатшылығын және Бішкек қаласында Аймақтық терроризмге қарсы құрылымды құру туралы мәселені пысықтау | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | Қазақстан-Қытай ақпараттық-консалтингтік орталығын (Пекин қаласы) қажетті ақпараттық және инвестициялық материал. дармен қамтамасыз ету | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі "Қазинвест" инвестицияларға жәрдемдесу жөніндегі қазақстандық орталық (келісім бойынша) |
| 15 | Қытай Халық Республи. касының Шанхай ынтымақ. тастық ұйымы шеңберінде терроризмге қарсы жаттығуларды өткізу туралы ұсыныстарын қарау | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 16 | ҚКП ОК Бас Хатшысы Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республика. сына сапарын пысықтау | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы |
| 17 | Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті одан әрі ілгерілету және Кеңестің келесі саммитін Қытай Халық Республикасында өткізу мәселесі бойынша Қытай Халық Республикасымен консультациялар жүргізу | 2003 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| 18 | Қытай Халық Республи. касымен мәдени-ізгілік ынтымақтастықты жандан. дыру туралы мәселені қарау және тиісті ұсыныстар енгізу | 2003 жылдың I жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Қазақстанға тұрақты тұруға тілек білдірген, ұлты қазақ адамдардың жол жүру құжаттарын ресімдеу рәсімдерін оңайлату мақсатында қытай тарабымен келіссөз процесін жалғастыру | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |

---------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК